


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(5)2024



ӘОЖ 930

## ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР АЯСЫНДА МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІНЕ ШОЛУ

*Б. Байболов, Г. Атабаева*

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Музей экспозициясы экспонатты сақтау және насихаттау (көрсету) ұстанымын басшылыққа алады. Музейдің экспозициялық қызметі – бірнеше саланы қамтитын музейлік экспозиция және көрмені жобалау мен құрудың күрделі процесі болып табылатыны көпшілікке мәлім. Сондай-ақ, жалпы экспозицияны ұйымдастыру процесі көптеген саланың элементтерін – ғылыми, көркемдік, техникалық, құқықтық, сақтау, қаржы-экономикалық және эксплуатациялық жұмыстарды біріктіреді.

Мақалада шетелдік және отандық музей экспозициясын ұйымдастырудағы тәжірибелерді өз ара салыстыру арқылы музейлік келушілерді тарихқа деген қызығушылығын тудыратын көптеген тәсілдермен жолдары да сарапталады. Сондай-ақ, бүгінгі таңда музей саласында орын алып жатқан өзгерістер мен жаңа идеялардың мазмұны сараланады. Атап айтқанда, бүгінгі күнгі музей экспозициясының құрылымы және тақырыптық көрмелердің құрылысына да ерекше көңіл бөлінген. Бұл тұрғыда авторлар отандық музей экспонаттарының тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерделеуге және музей кеңістігін ұйымдастырудың классикалық және заманауи инновациялық нысандарын өзектілендіруге назар аударады.

Қазақстандағы музей ісіндегі экспозицияны жобалау және ұйымдастыру мәселесінің зерттелу деңгейі айшықталады. Экспозиция және көрме ұйымдастыру музейде тұрақты түрде жүргізілетін жұмыс түрі болып табылады. Осы тұрғыда, отандық экспозиция жобалаушыларының (экспозиционер) тәжірибесін ғылыми айналымға енгізу өзекті болып табылады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Жұмыс барысында сипаттау, жүйелеу, топтау, саралау, талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Мақаланы дайындау үшін музей саласы бойынша маманданған Т. Юренева, Л. Шляхтина, Э. Шулепова, Т. Поляков сияқты ғалымдардың еңбектері, музейлердің ресми сайтындағы мәліметтер мен БАҚ материалдары пайдаланылды.

**Тірек сөздер:** музей, экспозиция, тақырыптық, жүйелік, ансамбльдік, ландшафттық, әдіс-тәсілдер, экспонат, ақпараттық технология.

**Сілтеме жасау үшін:** *Байболов Б., Атабаева Г.* Шетелдік және отандық тәжірибелер аясында музей экспозициясын ұйымдастыру әдістеріне шолу // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5). 76-85 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.08

## ОБЗОР МЕТОДОВ ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОЙ ЭКСПОЗИЦИИ В КОНТЕКСТЕ ЗАРУБЕЖНОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПРАКТИКИ

*Б. Байболов, Г. Атабаева*

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Азрет-Султан» (Казахстан)

**Аннотация.** Музейная экспозиция основывается на принципах сохранения и популяризации (демонстрации) экспоната. Экспозиционная деятельность музея – это сложный процесс проектирования и создания музейной экспозиции, который состоит из нескольких направлений. Процесс организации экспозиции сочетает в себе элементы многих направлений – научной, художественной, технической, юридической, консервационной, финансово-экономической и эксплуатационной работы.

В статье рассуждается зарубежный и отечественный опыты музейной экспонирования путем описания сформированных классических методов организации музейного пространства. Также анализируется содержание идей и новшеств в сегодняшней музейной сфере. Рассматривается исследовательский уровень проблемы проектирования и организации экспозиций в музеях Казахстана. В статье авторами уделено внимание и структуре, реэкспозиции как музейной экспозиции, так и построению тематических выставок. В этом контексте авторами обращено внимание на научное изучение опыта отечественных музейных экспозиционеров и актуализация классических и современных инновационных форм организации музейного пространства, направленных и на привлечение и стимулирование внимания всех категорий музейных посетителей. Особое внимание обращено и проблемам, связанных с вводом в научный оборот музейных экспозиционных материалов.

**Материалы и методы исследования:** В ходе выполнения работы были применены методы: классификация, анализирование, описание, систематизация, комплектование, разбор.

При подготовке статьи были использованы труды исследователей, специализирующихся в области музееведения Т. Юреновой, Л. Шляхтиной, Э. Шулеповой, Т. Полякова, информации из официальных сайтов музеев и материалы СМИ.

**Ключевые слова:** музей, экспозиция, тематическая, системный, ансамблевый, ландшафтный, тематический, метод, экспонат, информационные технологии.

**Для цитирования:** Байболов Б., Атабаева Г. Обзор методов организации музейной экспозиции в контексте зарубежной и отечественной практики // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5). С. 76-85. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.08

## REVIEW OF METHODS FOR ORGANIZING MUSEUM EXHIBITIONS IN THE CONTEXT OF FOREIGN AND DOMESTIC PRACTICE

*B. Baybolov, G. Atabayeva*

«Aziret Sultan» State Historical and Cultural Museum-Reserve (Kazakhstan)

**Abstract.** The exposition of the museum is guided by the principle of preservation and ProMotion (display) of the exhibit. The exposition activity of the museum is a museum exposition covering several areas and is a complex process of designing and creating an exhibition. The process of designing a general exposition consists of elements of many industries – scientific, artistic, technical, legal, conservation, financial, economic and operational foundations.

The article analyzes foreign and domestic experience by describing the methods of organizing Museum expositions. The content of new ideas and changes that are taking place today in the museum sphere will also be analyzed. The level of study of the issue of design and organization of expositions in the museum business in Kazakhstan will be highlighted.

In the article, the authors paid attention to both the structure, re-exposition of the museum exhibition, and the construction of thematic exhibitions. In this context, the authors drew attention to the scientific study of the experience of domestic museum exhibitors and the actualization of classical and modern innovative forms of organizing museum space. In turn, this work is aimed at attracting and stimulating the attention of all categories of museum visitors. Particular attention is paid to the problems associated with the introduction of museum exhibition materials into scientific circulation.

The organization of expositions and exhibitions is a type of work carried out in the museum on a regular basis. In this context, it is relevant to introduce the experience of domestic exhibition designers (exposers) into scientific circulation.

**Materials and methods of research:** in the course of the work, methods of description, systematization, differentiation, analysis, compilation were used.

To prepare the article, the works of such scientists specializing in the museum sphere as T. Yureneva, L. Shlyakhtina, E. Shulepova, T. Polyakov, information from the official website of the museums and media materials were used.

**Keywords:** museum, exposition, system, ensemble, landscape, thematic, methods, exhibit, information technology.

**For citation:** Baybolov B., Atabayeva G. Review of methods for organizing museum exhibitions in the context of foreign and domestic practice // MUSEUM.KZ. 2024. №1 (5), p.p. 76-85. DOI 10.59103/muzkz.2024.05.08

Экспозиция және көрме ұйымдастыру жұмысы кез келген музей қызметінің негізгі бағытының бірі. Осы арқылы музей қызметінің басты бағытының бірі – насихаттау немесе жәдігерлерді экспозициялау іске асырылады.

Музейдің экспозициялық қызметі – бірнеше саланы қамтитын музейлік экспозиция және көрмені жобалау мен құрудың күрделі процесі. Жалпы экспозицияны жобалау процесі көптеген саланың элементтері – ғылыми, көркемдік, техникалық, құқықтық, сақтау, қаржы-экономикалық және эксплуатациялық негіздерден тұрады.

Жалпы экспозицияны жобалау және құру күрделі әрі кешенді процесс. Себебі оны құру барысында жәдігерлік, ғылыми, көркемдік, техникалық, педагогикалық және идеологиялық мәселелер ескеріле отырып жасалады. Экспозицияны құру үдерісіндегі төрт кезенді ерекше атап өтуге болады: тақырыпты анықтау; ғылыми-танымдық өзектілікті айқындау; экспозициялық жәдігерлер қатарын белгілеу; көркемдік тұрғыда үйлесімді орналастыру және көрсету. Осы тұрғыда музейлік заттардың көркемдік тұрғыда үйлесімді орналасуы және көрсетілуі келушілерге экспозиция идеясын жеткізудегі маңызды тетіктердің бірі.

Қазіргі уақытта экспозицияны құру инновациялық және көркемдік-шығармашылық көзқарасты, бұрыннан қалыптасқан принциптер, ережелер мен заңдылықтарды сыни тұрғыдан қайта қарастыруды талап етеді.

Кез келген музейдің жұмысы мен танымалдығы оның экспозициясымен тікелей байланысты. Экспозиция келушілерге тарихи-мәдени ескерткіштерді, құнды материалдық мұраларды қолжетімді ету арқылы, олардың физикалық және рухани тұрғыда сақталуына негіз болады.

Осы тұрғыда мақалада музейлік экспозицияны ұйымдастырудың әдістеріне шолу жасау арқылы отандық музейлердің экспозициялық қызметінің өзектілігін талдау көзделеді. Қазақстандағы музей ісіндегі экспозицияны жобалау және ұйымдастыру мәселесінің зерттелу деңгейін айқындау назарға алынады.

Жалпы музей экспозициясын құрудың қалыптасқан төрт әдісі бар: жүйелілік, ансамбльдік, ландшафттық және тақырыптық [Шляхтина, 2005: 121-122; Шулепова, 2005: 278-279].

Ғылыми принциптер негізінде экспозиция материалын ұйымдастыруға жүйелілік әдісі жатады. Бұл әдіс XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысында ғылым саласының бағыттарымен ұштастыру арқылы музейлерді құру кезінде пайда болды. Экспонатты жүйелеу әдісі ұқсас заттарды іріктеу, тарқату және түсіндіруді ғылыми тәртіпке немесе өндірістік сала бойынша жіктейді. Жүйелілік әдіс экспозицияның негізгі құрылымдық бірлігі ол заттың биологиялық, технологиялық және басқа да даму түрлерін көрсетеді. Экспозицияны жүйелеу әдісі – көбіне жаратылыстану ғылымы, ғылыми-техникалық, археология және этнография, сәнді-қолданбалы өнер музейінде, музейдің қор сақтау бөлімінде кеңінен қолданылады [Байболов, 2021: 24].

Шамамен XIX ғасырдың ортасында жүйелілік әдістің негізінде құрылған этнографиялық музей экспозицияларында «өмірлік комплекстер» деп аталатын ансамбльдер қосыла бастады. Бұл әдіс жәдігердің нақты бір тарихи оқиға немесе күнделікті тұрмыстық жағдаймен байланысын бейнелеуге ұмтылды. Мәселен, «тұрғын үй»,

«шеберхана», «шөп шалғын», «той» «үй шаруашылығы», «еңбек ету», «діни және мерекелік шараларды» көрсететін этнографиялық комплекстер болып табылады. Осындай экспозицияларда музей заты өзінің орнын әрі тақырыптың идеясын айқындай түседі [Байболов, 2021: 24].

Жоғарыда аталған тәжірибенің нәтижесінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Батыс Европа елдерінде тек ансамбльден тұратын алғашқы экспозициялар пайда болды. Бұл экспозициялар этнографиялық, ашық аспан астындағы музейлерді құру және тарихи-мәдени ескерткіштерді музейлендіру кезінде қалыптасты. Ансамбльдік әдіс – нақты өмірде болған, ғылыми дәлелі бар әлеуметтік-мәдени орынды сақтайды немесе қайта құрастырады.

Музей затын өз орнында сақтап немесе қалпына келтіретін экспозициялық кешен ансамбльдік көріністің құрылымдық бөлігі болады. Ол әртүрлі экспонаттардан – еңбек құралы, қару, киімдер, жиһаздар, қолданбалы – тоқыма өнерінің бұйымдары, бейнелеу және жазба материалдарынан тұрады. Оның себебі бұл кешенде заттардың арасындағы нақты және жанама байланыстар бар. Ансамбльдік әдіспен құрылған экспозицияда сурет, мүсін, жиһаз, қолданбалы-тоқыма бұйымдарды біріктіріп, көркем байланыстыратын экспонаттардың стильдік ерекшеліктері болады [Байболов, 2021: 25].

Ансамбльдік әдісті қолдану барысында белгіленген тарихи кезенді сипаттайтын құжаттар мен деректерді, әлеуметтік ортаның тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін зерделеуге ден қойылады.

Осы тұрғыда ансамбльдік әдіске негізделі отырып жасалған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорғау аймағындағы «Қылуат жерасты мешіті» музейі, «Жұма мешіті» музейі мен «Құмшық ата жерасты» нысандарын атап өтуге болады.

Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолымен тікелей байланысы бар Қылуат жерасты мешіті 1942 жылы бұзылып, оның қыштары Түркістан май зауытын тұрғызу кезінде қолданылған. Аталған ортағасырлық нысан бұзылар алдында, яғни 1941 жылы архитектор А.Л. Шмидт мешіт бөлмелерінің кішірейтілген масштабтағы макетін жасаған [Искакова, 2023]. Осы заттай, сондай-ақ, басқа да тарихи жазба және археологиялық деректер негізінде «Қылуат жерасты мешіті» қайта қалпына келтірілді және музейлендірілді.

Ансамбльдік әдіс бойынша 2019 жылы қайта қалпына келтірілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Қазандық бөлмесінің экспозициясын атап өтуге болады. А. Кунның «Түркістан альбомы» атты кітабында 1866–1872 жж. Түркістан қаласының көріністері бейнеленген фотосуреттер бар. Кітапта Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана және қазандық бөлмелерінің көрінісі берілген фотосуреттер кездеседі. Соның бірінде Қазандық бөлмесіндегі тайқазанның құлақтарына бекітілген туларымен жасалған фотосурет сақталған [Мұстапаева, 2021: 244]. Осы орайда, XIX ғасырдағы кесененің ішкі көрінісін көпшілікке таныту әрі тарихи сананы жаңғырту мақсатында 2021 жылы Тайқазанды қоршай орналасқан он ту мен аспалы шырағдан экспозицияға қойылды [Байболов, 2021: 23].

Ансамбльдік әдіс белгілі бір тарихи кезеңнің немесе оқиғаның куәсі болып табылатын орын мен жәдігерлер негізінде құрылатын мемориалдық музейлер үшін де өзекті. Әдетте мемориалдық маңызы бар заттардың барлығы дерек ретінде ғылыми-зерттеу жұмысына негіз бола бермейді. Дегенмен, бұл заттар тарихи дәуір немесе тұлғаның тұрмыс-тіршілігін сипаттауға деректік негіз бола алады. Осы тұрғыда ансамбльдік экспозициялау принциптеріне сүйене отырып жасалған «М. Әуезовтың әдеби-мемориалдық музейін», «Д. Қонаевтың музей-үйін» және т.б. мемориалдық музейлерді атап өтуге болады.

Тарихи-өлкетану бағытындағы музейлердің экспозициясында жиі қолданылатын әдіс түрі – ландшафттық әдіс болып табылады. Аталған әдістің негізгі құрылымдық бөлшегі – ландшафт пен биотоп (флора мен фауна әлемі). Ландшафттық әдіс қоршаған ортаның

тыныс-тіршілігі мен ерекшелігін көрсетудің жолы жаратылыстану ғылымы мен музейлерде ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды.

ХІХ ғасырдың аяғында жаратылыстану ғылымы мен музей тәжірибесі негізінде қалыптасқан ландшафттық әдістің өзіндік ерекшелігі әрі басты құралына айналған панорама мен диорама қалыптасты. Аталмыш экспозициялық кешендерге тоқталатын болсақ.

Панорама – кеңістіктің жарты немесе барлық бөлігін қамтитын, алдыңғы бөлігінде музейлік жәдігерлер, муляждар мен манекендер орналасатын көркемдік кескіндеме негізінде жасалған экспозициялық кешен [Архангелов, 2010: 143].

Панорамада келуші музейлік жәдігерлер арқылы белгілі бір оқиғаның қайта қалпына келтірілген бейнесін тамашалай алады. Сыртқы сипаты жағынан панорама үлкен лента тәрізді картина іспеттес. Алдыңғы жағында макеттер, ғимараттар, фигуралар қойылып, оның артқы фонына тақырыптың идеясын бейнелейтін суреттер салынады. Панораманы алғаш рет 1787 жылы ирланд суретшісі Р.Баркер Эдинбург қаласының келбетін жасаған еді. Уақыт өте ол музей экспозицияларында кең көлемде пайдалана бастады. Панорама тарихына шолу жасайтын болсақ, 1893 жылы Стокгольмдегі жаратылыстану тарихы музейінде Швеция табиғаты бейнеленген бірінші биологиялық панорама құрылды. Үлкен матаға осы елге тән пейзаж бейнесі панорама арқылы көрсетіліп, әрі қарай картинаға жалғасты. Бастапқы қатарда сол жердің тау-тасы, бұлағы, өсімдігі мен батпағына дейін дәлдікпен түсірілді. Алдыңғы табиғат көрінісі кескіндемеге бағынып тұратын көркем панорамадан ландшафттық панораманың айырмашылығы мұнда көрерменді жануарлар мекеніне тартатын пейзаждың қосымша құралы қызметін атқарады.

Ландшафттық әдістің көркемдік кешені ретінде пайда болған панорама музейдің жаңа түрі – музей-панораманың қалыптасуына негіз болды. Бүгінгі таңда, әлемнің бірқатар елдерінде музей-панорамалар тұрақты түрде жұмыс жасап келеді. Олардың басым көпшілігі сол елдің тарихындағы маңызды оқиғаны көрсетеді. Мәселен, Түркиядағы «1453 жыл музей-панорамасы», Ресейдегі «Сталинград шайқасы» музей-панорамасы, «Бородино шайқасы» музей-панорамаларын атап өтуге болады. Аталған музейлердің тәжірибесі негізінде Қазақстан тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған музей-панораманы құруға болады.

Ландшафттық әдістің келесі көркемдік кешені диорама. Диорама – белгілі бір тақырыптағы бейнелеу өнерінің алдыңғы көрінісі музейлік экспонаттармен толықтырылатын экспозициялық кешен [Архангелов, 2010: 42-43].

Жоғарыда аталған экспозициялық кешендері салыстыра айтатын болсақ, панорама көрерменді көріністің ортасына тартып, ойын дамытып жатқан уақытта, диорама бейнені тек терезеден көруге ғана мүмкіндік берді. Ол кеңістіктің аз бөлшегінің өзі жартылай доғал қабырғалы және тік бұрышты үшбұрыш бөлмелерге де сыйып кете береді [Б.Байболов, 2021: 25].

Экспозицияны жобалаудың классикалық түрі – тақырыптық әдіс. Бұл әдісте музей материалдары арқылы белгілі бір тақырып немесе тарихи кезең айшықталады. Құрылымдық жағынан оны мазмұны бойынша бір идеяға негізделген тақырыптық-экспозициялық кешендер құрайды. Тақырыптық әдіс негізінде экспозиция бір тақырып аясында жинақталған әртүрлі типті заттар негізінде құрылады [Юренева, 2003: 432].

Экспозициялық жобалаудың ансамбльдік және жүйелік әдістерімен салыстырғанда тақырыптық әдісте музейлік заттарды типологиялық немесе типтік (түр) ерекшеліктері біріктірмейді, тек тұжырымдамалық ережелерге анықтамалық көмек ретінде мазмұнын ашуға көмек береді [Ақпанбекова, 2016].

Тақырыптық әдіс тарихи-өлкетану, әдеби және жаратылыстану бағытандағы музейлердің экспозициясында қолданылып, өзінің өзектілігін көрсетіп келеді.

Осы орайда, тақырыптық әдістің қағидасы бойынша құрылған Мемлекеттік орталық музейдің «Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті» залының экспозициясын атап өтуге болады.

Бірнеше кешеннен құралған зал экспозициясында бірегей музей жәдігерлері негізінде көшпелі мәдениеттің өзіндік қыры-сыры жан-жақты айшықталған. Келуші бір кешеннен келесі кешенге «көшу» арқылы қазақтың материалдық мәдениетін, рухани жан дүниесі мен дәстүрін таниды [Файзуллина, 2022: 153].

Тақырыптық әдіс бойынша экспозицияны құру кезінде музейлік жобалаушылар тақырыпқа сәйкес келетін экспонаттар болмаған жағдайда ғылыми-көмекші құралдар муляж, көшірме, макет және т.б. заттарды пайдаланады.

Жоғарыда аталған жүйелік, ансамбльдік, ландшафттық және тақырыптық әдістер музей экспозициясын жобалаудың классикалық немесе дәстүрлі түрлері.

Музей экспозициясы мен көрмелерін жобалаудың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеу және енгізу мәселесін зерттеуші, ресейлік тәжірибелі музейлік жобалаушы әрі сценарист Т.Поляков экспозиция құрудың әдістерін ғылыми-танымдық және көркемдік-шығармашылық топқа бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша жоғарыда аталған жүйелік, ансамбльдік, ландшафттық және тақырыптық әдістер ғылыми-танымдық топқа жатады. Ал көркемдік-шығармашылық топқа бейнелік-сюжеттік немесе көркемдік-мифологиялық және музейлік-бейнелік әдістер жатады. Соңғы аталған әдістердің авторы Т. Поляков [Поляков, 2023]. Бұл әдістердің анықтамасы мен тұжырымын ол өзінің тәжірибесі негізінде сипаттайды.

Музейлік-бейнелік әдіс ХХ ғасырдың соңғы ширегінде пайда болған. Бұл әдіс бойынша құрылған экспозиция музейлік мәні немесе құндылығы бар дербес өнер туындысы болып табылады. Аталған әдіс мемориалдық құндылығы бар, алайда жоғары және орта деңгейдегі экспонаттары жеткіліксіз мемориалдық музейлерді құру кезінде ансамбльдік экспозиция құру тәжірибесінің негізінде қалыптасты.

Т. Поляковтың пайымдауынша музейлік-бейнелік әдістің мақсаты белгілі бір кезеңнің бейнесін қалпына келтіру емес, тарихи тұлғаның өмір сүрген ортасының көркемдік «портретін» жасау арқылы оның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін таныту болып табылады. Белгілі бір метафора немесе тұжырымды музейлік заттар арқылы бейнелейді. Бұл әдіс келушілерге ерекше әсер етіп, тұлғаның өнегелі өмірін танытуға септігін тигізеді.

Т. Поляков қалыптастырған келесі әдіс бейнелік-сюжеттік немесе көркемдік-мифологиялық әдіс – үлкен көлемді кеңістікте ерекше экспозицияны құру идеясы негізінде туындаған. Аталған әдістің негізгі мақсаты – экспозиция кеңістігінің мемориалдық жағдайын және музейдің ерекшелігін сақтай отырып, қарама-қайшы көзқарастарға негізделген қазіргі тарихи-мәдени процестің өзіндік, көркем және мифологиялық үлгісін жасау. Осы әдістің негізінде құрылған экспозицияда көркем әдебиет, драматургия, шығармашылық қиял және театр элементтері көрініс табады. Дегенмен, экспозицияның өзегі музейлік экспонат болып табылады.

Көркемдік-мифологиялық әдіс «В. Маяковскийдің мемлекеттік музейінің» экспозициясын құру кезінде кеңінен қолданылған. Музей экспозициясы ширек ғасырға жуық мерзім аралығында Ресей мен шетелдік келушілердің ерекше қызығушылығын тудырып, келушілерінің саны көп Мәскеудегі төртінші музей болған. Сондай-ақ, бұл әдістің кейбір элементтері «Гогольдің үйі» музей-кітапханасы, «А. Чижевскийдің мемориалдық музейі», «К. Паустовскийдің музей-үйінің» экспозициясында көрініс тапқан [Поляков и др., 2021: 67-76].

Бейнелік-сюжеттік (көркемдік-мифологиялық) және музейлік-бейнелік әдістер бойынша құрылған экспозицияларда музей саласында қалыптасқан төрт әдістердің белгілері байқалады. Мұнда да музейлік экспонаттардың жетіспеушілігі ғылыми-қосымша материалдар (макет, муляж, көшірме және т.б.) көмегімен толықтырылады. Ерекшелігі ретінде музейлік жобалаушылардың (экспозиционер) өздерінің идеясы мен көзқарасын жеткізу үшін әртүрлі саланың әдіс-тәсілдерін ұштастыру арқылы көрсету принципін атап өтуге болады.

Бірнеше әдістердің негізінде кешенді экспозицияларды құру әлемдік музейлік тәжірибеде жиі кездесетін үрдіс болып саналады.

Мәселен, тарихи-өлкетану музейлерінің тұрақты экспозициясы тақырыптық әдіспен құрылып, ансамбльдік кешендерді қолданады. Сонымен қатар, экспозицияда археологиялық, нумизматикалық, биотоптық заттарды көрсету үшін жүйелік әдіс қолданылады. Өз кезегінде, ансамбльдік көрмелер көбінесе жеке тақырыптық кешендермен, құжаттар топтамаларымен, фотосуреттермен сүйемелденеді. Осындай комбинациялардың арқасында көрме біркелкілікті артқа тастап, көрнекі түрде түрленіп, жаңа серпінге ие болады.

Бүгінгі таңда музей қызметінің басты бағыттары (сақтау, зерттеу және жәдігерлерді экспозициялау) өзгерген жоқ. Дегенмен де, оларды іске асыру жолдары өзгеріске ұшырап жатыр. Әсіресе жәдігерлерді экспозициялаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері.

2000-шы жылдардың басында интернет желісінің кең таралуымен әлемдік музейлерді виртуалды тамашалау мүмкіндігі туындады. Бастықыда ірі музейлердің ресми сайтында таңдаулы экспонаттары немесе сирек экспозицияланатын жәдігерлердің фотосуреті мен шағын аннотациялық мәтіні берілді. Жалпы айтқанда экспонаттар электронды каталог форматында ұсынылды. Уақыт өте фотопанорама технологиясының көмегімен музей экспозициясына мәтіндік сипаттама және аудиогидпен сүйемелденген «виртуалды тур» қалыптасты. Мұнда музей экспозициясында ұсынылған заттарды таңдап алып, жақындату және үлкейту қосымшалары арқылы жан-жақты тамашалауға болады.

COVID-19 пандемиясының салдарынан музей саласын цифрландыру және онлайн форматқа көшіру үдерісі қарқынды түрде жүргізілді. Салдарынан шетелдік және отандық музейлердің жұмысы мен ресми сайтындағы «виртуалды тур», «online көрме», «online дәріс», «online музей», «online билет» және «видео экскурсия» айдарлары қалыпты жағдайға айналған.

Күн санап дамып және түрленіп жатқан ақпараттық технологиялар адамдардың талғамы мен көзқарасына әсер етуде. Бүгінгі музей көрушісі жаңа ақпаратты көріп және естіп қана қоймай, одан ерекше әсер алып, өз уақытын тиімді өткізгісі келеді. Ұзақ жылдар бойы музейтанушылар тарапынан қатты сыналған «музей және ойын-сауық алаңы» тіркесі қазіргі музейлердің экспозициясының бір бөлшегіне айналып келеді. Яғни, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан музейдің консервативтік ұстанымдары өзгеріп, қайта жаңғыру кезеңі жүріп жатыр. Осы орайда, музейлер өз жұмысында заманауи ақпараттық технология жетістіктерін тиімді пайдаланып келеді.

Мәселен, бейнелеу өнері және сәнді-қолданбалы өнер музейлерінің жанынан құрылған студияларда келушілерге сурет салу немесе керамикалық бұйым жасау немесе жаратылыстану бағытындағы музейлерде келушілерге әлемді жануарлардың көзімен мүмкіндігі беріледі.

Жалпы айтқанда интерактивті панельдер мен экрандар, виртуалды шынайылық (AR және VR), жасанды интеллект, проекция мен проекторлар, жәдігерлердің 3D-көшірмесі, виртуалды гид, гид-робот және видеомэппинг түріндегі мультимедиялық құралдар музей экспозициясының бір бөлшегіне айналып жатыр [Обласов и др., 2018].

Экспозицияны жобалаудың негізгі әдістері – жүйелік, ансамбльдік, ландшафттық және тақырыптық әдістерге шолу жасау нәтижесінде олардың шетелдік және отандық музейлерде кеңінен қолданылатыны анықталды. XIX ғасырларда қалыптасқан экспозициялық әдістердің бүгінгі экспозицияларды құруға негіз болуы олардың өзектілігін көрсетеді. Отандық музей ісіне арналған ғылыми еңбектер мен зерттеулерді саралау барысында экспозицияны жобалау және ұйымдастыру мәселесі аз қамтылғаны айқындалды. Экспозиция және көрме ұйымдастыру музейде тұрақты түрде жүргізілетін жұмыс түрі. Осы тұрғыда, отандық экспозиция жобалаушыларының (экспозиционер) тәжірибесін ғылыми айналымға енгізу өзекті болып табылады.



Музейлерде жоғарыда аталған әдістерді бірлестіре отырып экспозициялау тәжірибесі жиі кездеседі. Осы тұрғыда, жүйелі әдісті ансамбльдік және ландшафттық әдістермен біріктіруге болады, тақырыптық әдісте ансамбльдік әдіспен қатар жүйелі әдістің элементтерін қолдануға болады. Экспозицияны ұйымдастыру әдістерін таңдау бірнеше себептермен байланысты, соның ішінде музейдің бағыты, құрылатын экспозицияның тақырыбы мен мақсаттары, ұсынылатын коллекциялардың ерекшеліктері, экспозиция кеңістігі таңдалады.

## ӘДЕБИЕТ

*Ақпанбекова Ф.* Музей экспозицияларын құру әдістері / [Электронды ресурс] / URL: <http://kazmuseum.kz/ekspozitsiya/item/1161-muzej-ekspozitsiyalaryn-k-ru-adisteri> (қаралған күні: 24.01.2024).

*Байболов Б.* Экспозиция және көрме жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері // ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған және Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» – болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты іргелі мақаласы аясында «Қазақстандағы музей ісінің дамуы мен археологиялық зерттеулердің жаңа тенденциялары мен перспективалары» атты I Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Саумалкөл, 2021. 142 б.

*Искакова М.* Қылует макеті – құнды жәдігер / [Электронды ресурс] / URL: <https://azretsultan.kz/yluet-maketi-ndy-zh-diger/> (қаралған күні: 09.01.2024).

*Мұстапаева Д.* Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жөнделу жағдайы, зерттелуі (XIX ғ.– XX ғ. басы) // Ясауи университетінің хабаршысы. 2021. №2 (120). 237–247 бб.

*Обласов В., Трегулова З., Мрдуляш Т., Толкачев С., Федорович А.* Как современные технологии меняют музеи / [Электронды ресурс] / URL: <http://ad.theoryandpractice.ru/page6660200.html> (қаралған күні: 28.01.2024).

*Поляков Тарас Пантелеймонович* / [Электронды ресурс] / URL: <https://heritage-institute.ru/?employees=polyakov-taras-panteleimonovich> (қаралған күні: 10.01.2024).

*Поляков Т.П., Зотова Т.А., Пустовойт Ю.В., Нельзина О.Ю., Корнеева А.А.* Экспозиционная деятельность музеев в контексте реализации «Стратегии государственной культурной политики на период до 2030 года». М.: Институт Наследия, 2021. 438 с.

Словарь музейных терминов: Сборник научных трудов / Отв. ред. С. Архангелов. М. ГЦМСИР, 2010. 232 с.

*Файзуллина Г.Ш., Асанова С.А.* Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики. Алматы: «Университет «Туран», 2022. 344 с.

*Шляхтина Л.М.* Основы музейного дела: теория и практика. М.: Высш. шк., 2005. 183 с.; Основы музееведения: Учебное пособие / Отв. ред. Э. Шулепова. М.: Едиториал УРСС, 2005. 504 с.

*Юренева Т.* Музееведение: Учебник для высшей школы. М.: Академический проспект, 2003. 560 с.

## REFERENCES

*Aqpanbekova G.* Muzej ekspozitsiyalaryn quru adisteri [Methods of creating museum expositions]. [E-source] URL: <http://kazmuseum.kz/ekspozitsiya/item/1161-muzej-ekspozitsiyalaryn-k-ru-adisteri> (Accessed: 24.01.2024). (In Kazakh)

*Baybolov B.* Ekspozitsiya zhane korme zhumystaryn uymdastyrudyn adis-tasilderi [Methods of organization of exposition and exhibition] // QR Tauelsizdiginin 30 zhyldygtina arналған zhane Elbasy N.A.Nazarbaevtyн «Rukhani zhangyru» – bolashaqqa bagdar» bagdarlamalyq maqalasy men «Uly dalanyн zheti qyry» atty irgeli maqalasy ayasynda «Qazaqstandagy muzey isinin damuy men arkheologiyalyq zertteulerdin zhana tendenciylary men perspektivalary» atty I Respublikalyq gylymi-praktikalyq konferenciya. – Saumalkol, 2021. – 142 p. (In Kazakh)

*Iskakova M.* Qyluet maketi – qundy zhadiger [The model of Qyluet is a valuable item]. [E-source]. URL: <https://azretsultan.kz/yluet-maketi-ndy-zh-diger/> (Accessed: 09.01.2024). (In Kazakh)

*Mustapayeva D.* Qoja Ahmet Iasau kesenesinin jondelu jagdaiy, zerttelui (XIX g.–XX g. basy) [State of Restoration, Study of the Mausoleum of Khoja Akhmet Yassawi (XIX century – early XX century)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2021. №1 (119), pp. 237–247. (In Kazakh)

*Oblasov V., Tregulova Z., Mrdulyash T., Tolkachev S., Fedorovich A.* Kak sovremennyye tekhnologii menyayut muzei [How modern technologies are changing museums]. [E-source] URL: <http://ad.theoryandpractice.ru/page6660200.html> (Accessed: 28.01.2024). (In Russian)

*Polyakov Taras Panteleymonovich.* [E-source] URL: <https://heritage-institute.ru/?employees=polyakov-taras-pantelejmonovich> (Accessed: 10.01.2024). (In Russian)

*Polyakov T.P., Zotova T.A., Pustovoyt YU.V., Nel'zina O.YU., Korneyeva A.A.* Ekspozitsionnaya deyatel'nost' muzeyev v kontekste realizatsii «Strategii gosudarstvennoy kul'turnoy politiki na period do 2030 goda» [Exhibition activities of museums in the context of the implementation of the «Strategy of State Cultural Policy for the Period until 2030.»]. M.: Institut Naslediya, 2021. 438 p. (In Russian)

Slovar muzeynykh terminov: Sbornik nauchnykh trudov [Dictionary of museum terms: Collection of scientific works] / Otv. red. S. Arkhangelov. M. GTSMSIR, 2010. 232 p. (In Russian)

*Fayzullina G., Asanova S.* Muzeynoye delo Kazakhstana: voprosy istorii i praktiki [Museum affairs in Kazakhstan: issues of history and practice]. Almaty: «Universitet «Turan», 2022. 344 p. (In Russian)

*Shlyakhtina L.M.* Osnovy muzeynogo dela: teoriya i praktika [Fundamentals of museum management: theory and practice]. M.: Vyssh. shk., 2005. 183 p.; Osnovy muzeyvedeniya: Uchebnoye posobiye [Fundamentals of museology: Textbook] / Otv. red. E. Shulepova. M.: Yeditorial URSS, 2005. 504 p. (In Russian)

*Yureneva T.* Muzeyvedeniye: Uchebnik dlya vysshey shkoly [Museum Studies: Textbook for Higher School]. M.: Akademicheskii prospekt, 2003. 560 p. (In Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:** Байболов Берік Қыстаубайұлы – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы (161200, Түркістан қ-сы, Әйтеке би 1Б, Қазақстан), философия магистрі. <https://orcid.org/0000-0001-5131-418X>. E-mail: [baybol81@mail.ru](mailto:baybol81@mail.ru)

Атабаева Гүлмира Маратқызы – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Экскурсия және насихат бөлімінің экскурсоводы (161200, Түркістан қ-сы, Әйтеке би 1Б, Қазақстан), өнертану ғылымдарының магистрі. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: [atabayevagulmira9@gmail.com](mailto:atabayevagulmira9@gmail.com)

**Сведения об авторах:** Байболов Берик Кыстаубаевич – руководитель Научно-исследовательского отдела Государственного историко-культурного музея-заповедника «Азрет-Султан». (161200, г. Туркестан, Айтеке би 1Б, Казахстан), магистр философии. <https://orcid.org/0000-0001-5131-418X>. E-mail: [baybol81@mail.ru](mailto:baybol81@mail.ru)

Атабаева Гүлмира Маратовна – экскурсовод Отдела экскурсии и пропаганды Государственного историко-культурного музея-заповедника «Азрет-Султан» (161200, г. Туркестан, Айтеке би 1Б, Казахстан), магистр искусствоведческих наук. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: [atabayevagulmira9@gmail.com](mailto:atabayevagulmira9@gmail.com)

**Information about the authors:** Berik K. Baybolov – Head of the Research Department of the «Aziret Sultan» State Historical and Cultural Museum-Reserve. (161200, Turkestan c., Ayteke bi – 1B, Kazakhstan), master of philosophy. <https://orcid.org/0000-0001-5131-418X>. E-mail: [baybol81@mail.ru](mailto:baybol81@mail.ru)

Gulmira M. Atabayeva – guide of the Department of excursions and propaganda of the «Aziret Sultan» State Historical and Cultural Museum-Reserve (161200, 161200, Turkestan c.,

Ayteke bi – 1B, Kazakhstan), master of arts. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: [atabayevagulmira9@gmail.com](mailto:atabayevagulmira9@gmail.com)